

1. Эпителиоциттерді базальды мембранаға жабыстырып, бекіндіретін күрделі нәруыздар?

А) гликопротеиндер В) протеоглиқандар С) гликозаминглиқандар

2. Мембранаға таңдамалы өткізгіштік қасиет беретін күрделі нәруыздар?

А) гликопротеиндер, протеоглиқандар В) протеоглиқандар, гликозаминглиқандар
С) гликозаминглиқандар, гликопротеиндер

3. Дененің сыртын (жабынды), ішкі (асқазан, ішек, қуық т.б.) кілегейлі қабықтарын және екіншілік қуыстарды тыстайтын эпителийлер?

А) жабынды эпителий тіні В) безді эпителий тіні С) дәнекер тіні

4. Ағзада мезотелий мен эндотелий түрінде кездесетін эпителий?

А) бір қабатты призма тәрізді эпителий В) бір қабатты куб тәрізді эпителий
С) бір қабатты жалпақ эпителий

5. Бүйректің проксимальді және дистальды нефрон түтікшелерінің ішін тыстап, реобсорбция қызметін атқаратын эпителий?

А) бір қабатты көп қатарлы эпителий В) бір қабатты куб тәрізді эпителий
С) бір қабатты жалпақ эпителий

6. Асқорыту жүйесінің ортаңғы бөлігіндегі мүшелердің ішкі бетін тыстайтын эпителий?

А) бір қабатты призмалы эпителий В) бір қабатты куб тәрізді эпителий
С) бір қабатты жалпақ эпителий

7. Ауа өтетін жолдардың, тыныс алу мүшелердің – мұрын қуысы, кеңірдек, бронхылар тағы басқа мүшелердің құрамында кездесетін эпителий?

- A) бір қабатты көп қатарлы эпителий B) бір қабатты жалпақ эпителий
C) көп қабатты эпителийлер

8. Қуық пен несеп ағардың кілегейлі қабығын тыстайтын эпителий?

- A) көп қабатты мүйізделген эпителийлер B) көп қабатты ауыспалы эпителийлер
C) бір қабатты көп қатарлы эпителий

9. Көздің қасаң қабығын, ауыз қуысын, өңешті тыстайтын эпителий?

- A) көп қабатты мүйізделмеген эпителийлер B) Көп қабатты мүйізделген эпителийлер
C) көп қабатты ауыспалы эпителийлер

10. Тері эпидермийсін құрайтын эпителий?

- A) бір қабатты призма тәрізді эпителий B) көп қабатты мүйізделмеген эпителийлер
C) көп қабатты мүйізделген эпителийлер

11. Жасушасы «гландулоцит» деп аталатын эпителий?

- A) жабынды эпителий B) безді эпителий C) көп қабатты ауыспалы эпителийлер

12. Гландулоциттер секрет бөлу кезінде өзгеріске ұшырамайды. Бұл секрет бөлу механизмінің қай түрі?

- A) мерокринді B) голокринді C) апокринді

13. Гландулоциттер секрет бөлу кезінде толық өзгеріске ұшырап, жойылады, бірақ камбиальды жасушалардың көмегімен қайта қалпына келіп отырады.

Бұл секрет бөлу механизмінің қай түрі?

А) мерокринді В) голокринді С) апокринді

14. Гландулоциттердің апикальді полюсі өзгеріске ұшырап, аздап бұзылады.

Бұл секрет бөлу механизмінің қай түрі?

А) мерокринді В) голокринді С) апокринді

Жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
A	B	A	C	B	A	A	B	A	C	B	A	B	C